

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
06.11.2019 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИГМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 06.11.2019 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Келесі сұрақ – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тарихи-мәдени мұра мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым). Бұл мәселе бойынша сөз депутат Абдрахманов Сауытбек Абдрахманұлына беріледі.

АБДРАХМАНОВ С.А. Рақмет.

Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тарихи-мәдени мұра мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Заң жобасына ілеспе заң жобасы болып табылады.

Осы заң жобасы арқылы 12 заңнамалық актілерге, соның ішінде бес кодекстерке, атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Жер, Қылмыстық, Кәсіпкерлік кодекстеріне, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» кодекске және жеті заңдарға, атап айтқанда, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы», «Мәдениет туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Рұқсаттар және хабарламалар туралы», «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Сонымен қатар заң жобасының тақырыбын «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тарихи-мәдени мұра мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» деп өзгерту бойынша түзету енгізілді. Өйткені енгізілген толықтыру біреу ғана болып шықты.

Парламент Мәжілісінің барлық комитеттері заң жобасы бойынша оң қорытындыларын берді.

Заң жобасының таныстырылымы, Түркістан облысында комитет пен жұмыс тобының көшпелі отырысы, жұмыс тобының жиырма алты отырыстары, комитеттің кеңейтілген отырысы ұйымдастырылып, өткізілді.

Депутаттардан келіп түскен 50 түзету жұмыс тобы отырыстарында каралды. Қорытынды салыстырма кесте 31 қабылданған позициядан тұрады.

Осы айтылғандарды ескере отырып, аталған заң жобасын екінші оқылымда қолдауларыңызды, яғни тұтастай мақұлдауды сұраймыз.

Заң жобасына белсене қатысқан әріптестерімізге, мемлекеттік органдар өкілдеріне, сарапшыларға алғыс айтамыз.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Сауытбек Абдрахманұлы.

Құрметті әріптестер, бас комитет бізге өз ұсынысын жеткізді, ол – заң жобасын тұтастай мақұлдау. Басқа пікірлеріңіз жоқ болса, онда осы ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 106, «жақтағандар» – 106. Заң жобасы тұтастай мақұлданды.



*Құжаттамамен қамтамасыз
болу сектор меңгерушісі;
Манат Н. Машағандықов*